



ИНДУИЗМ

Индуизм



Индуизм – Оңтүстік және жартылай Оңтүстік Шығыс Азияда құрылған және әлі күнге дейін кездесетін діни – мифологиялық түсініктер жиынтығы. Бүгінгі күні Үндістан, Қытай, Шри – Ланка, Бангладеш, Малайзия, Индонезия, Сингапур сияқты елдерде оның жолын қуушылар бар және олардың саны жеті жүз миллион адамнан асады.

“Индуизм” термині Синдху өзенінің атының парсы нұсқасы болып табылатын Авестада да көрініс тапқан **“хинду”** сөзінің негізінде пайда болған. Кейіннен бұл сөз тек өзеннің атауын, соған жанасып жатқан ел – Үндістанды ғана емес, сонда қоныстанған халықты да білдіретін болды. Хиндулардың өздері ағылшындар арқылы **“ирндуизм”** сөзін қабылдап, күні бүгінге дейін діннің атауы – **санатана дхарманы**, дхарма сөзінің көп мағыналығын ескеріп, солай атап жүр, ал оны жалпылай **“белгілі тәртіп”, “белгілі заң”** деп қана аударуға болады.

“Индуизмнің” мәнін білдіретін қазіргі заманға белгілі негіздері:

1. Ведаларды құрметтеу.

2. Қай түрде болса да құдайларға сену.

3. Адамды спиритуалды мән, яғни Құдайдың бастапқы жаратқан нәрсесі деп түсіну.

4. Рухани және материалдық дүниенің, шексіз бен өтпелі нәрселердің, өзара байланысы: сансаралар, мокшалар, кармалар, дхармалардың арасындағы айырмашылықты мойындау.

5. Дамыған салт – ғұрыптық мәдениет.



Тримурти

Индуизмде, ведалық кезеңнен және брахманизмнен айырмашылығы, *Тримурти* - үш ұлы құдай бейнесінде қалыптаса бастады.

Басты құдайлар *триадасы*:
Брахма, Вишну, Шива.

Қазіргі индуизм өзінің *политизмін* де сақтаған. Үнді пантеонында, шамамен 3333 құдай бар деп есептелінеді. Суға табыну, хайуандарға табыну, соның ішінде сиырды киелі тұту да сақталған.



Индуизм құдайлары



Брахма – дүниені жаратушы. Индуизмдегі *тримурти* құдайларының бірі.

Вишну – (“бәрін қамтитын”, “бәріне де енетін”) – *тримурти* құдайы, дүниені қорғаушы, сақтаушы.





Шива – тримурти әрбір ғарыштық уақыт кезеңінде дүниені қиратушы есебінде суреттеледі.

Агни – үндідегі от құдайы. Негізгі мақсаты: адамдар мен құдайлар арасында байланыс орнату.





Хануман – үнділердің маймылды киелі тұтуына байланысты туған – маймылдар құдайы. Индуизм мифологиясында жиі кездесетін құдай.

Сурья – индуизмдегі күн құдайы, “оиг - ведада” жиі кездеседі, кейде оны құдайлардың көзі, әлемді жарыққа бөлеуші әрі тәуіпке де теңеген.





Ваю – (“ауа”, “жел”) – жел құдайы. Көбінесе Ваюдың мың көзі бар делінеді. Астындағы жануары – бұғы. Аңыздарға сүйенсек: Ваю жауға үрей туғызады.

Кубера – байлық құдайы, әлемдегі барлық байлықтың иесі. Үнді мифологиясында үлкен қарынымен, үш аяғымен, жалғыз көзі ең, 8 тісімен суреттеледі.





Йама, Яма – индуизмдегі өзінің мәңгілік өмірінен бас тартқан алғашқы құдай. Кейде әділеттілік пен өлім, жер асты дүниесінің құдайы деп те атайды.

Варуна – әлемдегі судың құдайы, әрі әділеттілік пен үкім шығарушының бейнесі.






Индра – құдайлардың патшасы әрі
көк патшалығының билеушісі.
Жаңбыр мен найзағай жаудырушы,
соғыс құдайы.

Үш қасиетті СИМВОЛ




Ом – (қасиетті сөз буыны) – өз алдына жеке сөз ретінде немесе басқа сөздердің алдында қолданылатын, рухани ізгілікті білдіретін сөз формуласы.



Свастика – жан – жаққа тік бұрышпен иілген ұштары бар айқыш. Санскритте бұл сөз “берекеге себешің” деген мағынаны береді. Үнділіктер айқышты есіктеріне, табалдырықтарына, сый – тартуларына салып қояды.





Шри – Янтра – бүтіндікті, тұтастықты
білдіретін белгі.

Дайындаған: Абекенов

Мақсат

1МЖБ – 2

“ИНДУИЗМ”

Дінтану негіздері